

"Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мұнай өнімдерін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 159 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 275 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 26 тамызда № 14162 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мұнай өнімдерін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 159 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10142 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 ақпандағы № 38 (27914)) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Шекара қызметіне Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға, мұнай өнімдерін беру қағидаларында:

3-тармақтың 5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) автожанармай құю станциясы – мұнай өнімдерін сақтауды және бөлшек сауда арқылы өткізуді қамтамасыз ететін, есепке алатын бақылау аспаптарымен жарақтандырылған технологиялық кешен және жабдық;

Автожанармай құю станциялары мынадай түрлерге бөлінеді: тұрақты – жерасты немесе жерүсті ыдыстары бар, отын тарату бағандары арқылы көлік құралдарына мұнай өнімдерін құюға арналған түрі;

контейнерлік – мұнай өнімдерін сақтауға арналған ыдыстары жер үстінде орналасқан, технологиялық жүйесі отын тарату бағандарының біртұтас зауыт бұйымы ретінде жасалған мұнай өнімдерін сақтау контейнерінде орналасуымен сипатталатын

т ү р і ;

жылжымалы – автомобиль шассиіне, тіркемеге, жартылай тіркемеге біртұтас зауыт бұйымы ретінде жасалған ыдыс пен отын тарату бағандары орнатылған түрі;";

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) резервуар – есепке алатын бақылау аспаптарымен жабдықталған, мұнай өнімдері базасындағы не мұнай өнімдерін өндірушінің өндірістік объектісіндегі ыдыс";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мұнай өнімдерін жеткізу, мұнай өнімдерін жеткізу жөніндегі шарттардың негізінде жүзеге асырылады, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 39 бабының 3 тармағының 36) тармақшасына сәйкес бір бастау тәсілімен жасалатын, мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды тікелей жасау арқылы".

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды ;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі .

Қазақстан Республикасының Қ. Бозымбаев
Энергетика министрі

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
Б. Сұлтанов

2016 жылғы " _____ "

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
И. Тасмағамбетов

2016 жылғы " _____ "

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
В. Жұмақанов

2016 жылғы 24 маусым

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Қ. Бишімбаев

2016 жылғы " _____ "

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
Қ. Қасымов

2016 жылғы " _____ "